Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасының
меңгерушісі [illegible] Жанибекова
«21» [illegible] 2021 жыл

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы педагогтарының дамық
ұйымдастырылған оқу іс әрекет кестесі

№	Педагогтың аты - жөні	Лауазымы	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
1	Алипбаева Жанар	Тәрбиеші	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Алтын күз»	Жыл мезгілдерін салыстыру арқылы түсінік беру	Қазан
2	Ганиева Батагоза	Тәрбиеші	Жаратылыстану Тақырыбы: «Дәрумендер әлеміне саяхат»	Дәрумендер туралы түсінік беру, олардың ағзаға қажеттілігін түсіндіру.	Қараша
3	Бидаулетова Пернегүл	Тәрбиеші	Құрастыру Тақырыбы: «Доп»	Құрастыру арқылы баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту.	Желтоқсан
4	Мусаева Нургуль	Тәрбиеші	Сөйлемді дамыту Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі	Ертегі арқылы баланың тілін дамыту, есте сақтау қабілетін жақсарту.	Қаңтар
5	Жанибекова Гульнур	Саз жетекшісі	«Біз бақытты баламыз»	Баланы дыбыс ырғағын сезінуге тәрбиелеу.	Ақпан
6	Жылысбаева Рая	Тәрбиеші	«Наурыз тойын тойлайық»	Балаға мерекелік көңіл күй сыйлау.	Наурыз
7	Сейткасымова Арай	Орыс тілі			Сәуір
8	Ходжакулова Рауле	Психолог			Мамыр

Әдіскер: [signature] Жылысбаева Р.

Бекітемін
«Балдәурен» МКҚК бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі м.у.а
_____ Р. Жылысбаева
«04» 10 2021 ж

«Қарлығаш» ортаңғы тобының «Алтын күз» тақырыбында ұйымдастырылған ашық оқу қызметі



Тәрбиеші: Алипбаева Ж

2020-2021 оқу жылы

Білім беру саласы: Қатынас, Шығармашылық
Білім бөлімі: тіл дамыту, жапсыру.
Тақырыбы: Алтын күз
Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ажырата білуге, дәстүрден тыс әдіс бойынша сурет салуға, жапсыруға үйрету.

4К жүйесі (моделі) бойынша бір тапсырмадан екінші тапсырмаға тез көше алады, сыни ойлайды, дұрыс шешім қабылдай алады, қарым-қатынас орнатады, тапсырманы үйлестіріп орындай алады.

- Сыни ойлайды, дұрыс шешім қабылдай алады — күз мезгілін атайды, ажыратады. (ойын тапсырмасы арқылы)
- қарым-қатынас орнатады – педагогті тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, өз ойын еркін жеткізе алады.
- Креативтілік немесе шығармашылық танытады – дәстүрден тыс әдіс-тәсіл бойынша жапырақты жапсырады.
- Ынтымақтастық - топта жұмыс жасай алады, тапсырманы үйлестіріп орындай алады.

Ресурстар: теледидар, сүлгі, фломастер, гуашь, сүт, мақта дискілері, майлық, шыны ыдыстар, түрлі түсті жапырақтар.

Алдын-ала жүргізілген жұмыс: күз мезгілі туралы тақпақтар жаттату.

Әдіс-тәсілдері: В.Занковтың «Дамыта оқыту» технологиясының әдістерін оқу қызметінде қолдану. Түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

Билингвалды компонент: күз – осень, жапырақтар – листья, алтын күз – золотая осень.

Сөздік жұмыс: алтын күз

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеттері
Мотивациялық-қозғаушылылық	**Шаттық шеңбері:** Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз,	Шеңберге тұрып, өлең жолдарын айтады.

Ұйымдастырушы-ізденушілік	Ренжуді білмейміз. **1.Ой толғаныс әдісі.** (немесе мига шабуыл) **Жұмбақ жасыру.** -Балалар, мен бір жұмбақ жасырайын кім шешуін табады? Алма, алмұрт піседі, Қияр, сәбіз дүкендерге түседі. Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Жапырақтар сарғайып, Жерге ұшып түседі… Айтыңдаршы балалар бұл қай кезде болады? (Күзде) - Дұрыс таптыңдар, балалар. -Ал, бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде біз күз мезгілі туралы көбірек білетін боламыз. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілі екенін қалай және неден байқауға болады? - Бүгін далада ауа райы қандай? - Ия, күн шығып тұр, бірақ салқын, дұрыс айтасыңдар. - Балалар, күз айларын атайсыңшы? **2.Салыстыру әдісі немесе суретпен жұмыс.** Балаларға жыл мезгілдерінің суретін көрсету. - Балалар, мына суретке назар	Балалардың жауабы. Жұмбақтың шешуін табады. Балалардың жауабы -ағаш басындағы жапырақтардан байқауға болады. Күз айларын атайды.

	аударайықшы… - Төрт жыл мезгілі арасынан күз мезгілін табайық. - Біз күз мезгілінің басқа тағы қандай белгілерін білеміз? Суретке қарайықшы - Дұрыс айтасыңдар, күзде айналаның бәрі сап-сары болады, жаңбыр жауады, ағаш жапырақтары сарғайып, құрайды екен. Ал жапырақтары жерге түскен соң ағаштар не істейді? -Және, балалар, күз мезгілі туралы кім тақпақ біледі? -Жарайсыңдар, балалар! Орыс тілінде тақпақ айту. Ветер дует нам лицо Закачалась деревцо Ветер тише-тише, А дерево выше-выше. - Балалар, бәріміз бірге бейне ролик тамашалайық. Күз мезгілі туралы бейне ролик көрсету. -Бейне ролик не туралы екен кім айтып береді? - Дұрыс айтасыңдар, балалар.. - Ия, күзде күн суытып, жаңбыр жауады, ағаш басындағы	Суретке назар аударады -Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. - біз жылы киінеміз. -күртеше, қалпақ, жылы етік киеміз. Қолшатыр ұстаймыз. -Ұйқыға кетеді. Балалар тақпақ айтады. Тамашалайды Балалардың жауабы

	жапырақтар сарғайып жерге түседі. - Не себепті ағаш жапырақтары күзде сарғаяды екен? - Ия, жапырақтар күн сәулесі аз түсе бастағандықтан, яғни күн суық бастағандықтан сарғаяды екен. - Тиін қайда тіршілік етеді? - Кірпі немен қоректенеді? **3.Топтау әдісі.** **Тәжірибе немесе шеберлік орталығы.** Балаларды тәжірибе жасауға шақыру. 3 топқа бөліп отырғызу. 1-топ:сумен тәжірибе жасайды. 2-топ: құтпен жасайды. 3-топ: шыны ыдыспен тәжірибе жасайды. Тапсырманы жақсы орындағандары үшін балаларды мадақтау. 4. Күзгі жапырақтарды дәптерден тыс әдіс бойынша жапсырады.(бейнелейді) **Сергіту жаттығуы:** «Бала, бала, балапан!» көңілді әуені. (Бейне	Балалардың жауабы Тапсырманы орындайды.

Рефлексиялық - түзетушілік	ролик) **Қорытындылау:** - Жарайсыңдар балалар! Біз бүгін немен таныстық? - Не себепті күз мезгілін «Алтын күз» деп атайды екен? -Дұрыс, ағаш жапырақтары сарғайып, алтын түске боялатындықтан, оны «Алтын күз» деп атайды. -Балалар, бізлің бақшадағы күзгі ағашымыз жапырағынан айырылып қалыпты. Суыққа тоңып тұрған сияқты. Келіңдер, жапырақпен көмкерейік… - Жарайсыңдар, балалар,бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар. Күзгі жапырақтарды әдемі етіп жапсырдыңдар. Балаларды мадақтау, бағалау.	Әуенге сәйкес қимылдар жасайды. Балалардың жауабы -Алуан түсті жапырақтарға қарап «Алтын күз» деп атайды. Жапырақтар іледі. Қуанады

Күтілетін нәтиже: күз мезгілі туралы білімі, дәстүрден тыс әдіс бойынша жапырақтарды жапсырды.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы МКҚК

Анықтама

Сызған ауылы **26 қазан 2021 жыл**

2021 жылдың 26 қазан күні балабақша тәрбиешісі Ж. Алипбаева «Қарлығаш» ортаңғы тобында «Қатынас», «Шығармашылық» білім салалары бойынша «Сөйлеуді дамыту» білім бөлімі, «Алтын күз» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті. Оқу қызметіне 24 бала қатысты.

Оқу іс әрекетінің мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктерін ажырата білу, дәстүрден тыс әдіс бойынша сурет салуға, жапсыруға үйрету.
4К жүйесі (моделі) бойынша бір тапсырмадан екінші тапсырмаға тез көше алады, сынн ойлайды, дұрыс шешэм қабылдай алады, қарым - қатынас орнатады, тапсырманы үйлестіріп орындай алады.

Сынн ойлайды, дұрыс шешім қабылдай алады, күз мезгілін айтады, ажыратады (ойын тапсырмасы арқылы)

Қарым - қатынас орнатады, педагогты тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, өз ойын еркін жеткізе алады.

Креативтілік немесе шығармашылық танытады, дәстүрден тыс әдіс - тәсіл бойынша жапырақты жапсырады.

Ынтымақтастық - топта жұмыс жасай алады, тапсырманы үйлестіріп орындай алады.

Ресустар: теледидар, сүлгі, фламастер, гуашь, сүт, мақта дискілері, майлық, шыны ыдыстар, түрлі - түсті жапырақтар.

Кері байланыс немесе ұсыныстар:
мативаңиялық қозғаушылық: тәрбиеші Ж. Алипбаева оқу қызметін шаттық шеңберінен бастады. Ұйымдастырушылы - ізденушілік ой толғаныс әдісі арқылы балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар жасырды.
Салыстырмалы әдіс: Теледидардан жыл мезгілдері туралы суреттер көрсету арқылы сұрақ - жауап алды және бейне ролик көрсетті. Балаларға блинвалдық компенент бойынша үш тілде: күз, жапырақ, сары, жаңбыр сөздерін айтқызды. Балалар күз туралы орысша, қазақша тақпақтар айтты.
Топтау әдісі: балаларды үш топқа бөліп тапсырма орындатты.
1- ші топ сумен тәжірибе жасады
2 - ші топ сүтпен тәжірибе жасады
3 - топ шыны ыдыспен тәжірибе жасады
Күзгі жапырақтарды дәстүрден тыс әдіс бойынша жапсырды немесе жапырқтың бейнесін шығарды. Балалар сергіту жаттығуын жасады.

Рефлексиялық - түзетушілік: балалардың жұмыстарын талдып, салыстырып мақтап, мадақтады. Сұрақ - жауап арқылы оқу қызметін қорытындылады.

Тәрбиеші Ж. Алипбаева оқу қызметінде өз мақсатына жетті. Балалар өте белсенділік танытты. Тапсырманы жақсы аяқтап шықты. Өлең, тақпақтарын жақсы айтты. Педагогтың сұрақтарына дұрыс жауап берді. Педагогтың өзін ұстауы, сөз мәнері жақсы, балалармен жақсы қарым- қатынасы орната білді.

Әдіскер: **Жылысбаева Р**

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай - бақшасына

меңгерушісі Ж.Жанибекова

«15» «11» 2021 жыл

«Қарлығыш» ортаңғы тобы

Ашық оқу қызметі:

«Дәрумендер әлеміне саяхат»



Тәрбиеші: Б.Ганиева

2021-2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Таным

Оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Дәрумендер әлеміне саяхат»

Мақсаты: Балаларға дәрумендер және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайында түсінік беру, логикалық ой – өрісін тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Баланың шығармашылық қабілетін арттыру. Жемістер мен көкөністердің пайласын білуге, түстері мен пішіндерін ажыратуға тазалыққа баулу.

Көрнекілігі: көкөністер, жемістердің суреттері, теледидар.

Әдіс – тәсілдері: Әңгімелесу, түсіндіру. Дәрумендер әлеміне саяхат жасау. Жұмбақтар, мақал-мәтелдер.

Билингвальды-компонент: дәрумен-витамин, алма –яблока, алмұрт-груша.

Шаттық шеңбері.
Шуағын шашады,
Күн шыкса жиектен.
Жылу алып нұрынан
Денсаулықты түлеткем,
Денсаулық – ол күлуің,
Көңіл – күйің жадырай,
Денсаулық – ол жүруің,
Ешбір жерің ауырмай.

Тәрбиеші: Балалар, осы жаксы көңіл-күймен бүгінгі оқу қызметімізді бастаймыз.

Жұмбақ

Бұлттар төніп, жерге төгіліп,
Дымқыл тұман басады.
Шөп сарғайып, өңі тайып,
Дала нұры қашады.
Бой жазалмай, ойнай алмай,
Денең мұздап тонады.
Бөбектерім айтыңдаршы
Бұл қай кезде болады?

Балалар қазір қандай мезгіл ?

Күз мезгілі неше айдан тұрады ?

Күз айларының аттарын атаңдаршы ?

Күзде табиғат ерекше күйге боленеді. Күн салқындайды, жаңбыр жауады, жел соғады, жапырақтар сары, қоңыр түске енеді. Күз айында көкөністермен жемістер піседі.

Күз мезгілінде дәрумендер көп болады.

Бүгінгі ашық оқу қызметіміздің тақырыбы «Дәрумендер әлеміне саяхат» деп аталады.

Бүгінгі оқу қызметімізде дәрумендердің денсаулығымызға пайда келтіретінін білетін боламыз.

Дәруменнің орысша атауы – **витамин.** .
Біздің күнделікті тағамдарымыздың ішінде әртүрлі дәрумендер бар.

Дәрумендер дегеніміз не?

Осы сұраққа жауап алу үшін дәрумендер әлеміне саяхатқа шығамыз ба?
Кәне барлығымыз автобуска отырайық.

Балалар қақпадан өту үшін біз тапсырмалар орындауымыз керек.

Балалар айтыңдаршы қақпада не бейнеленген?

1 тапсырма: Жемістер нешеу екен?

2 –тапсырма: Бір аптада неше күн бар және аттарын ата?

3-тапсырма: Біз тамақты күніне неше мезгіл ішуіміз керек ?

Балалар тапсырмаларға дұрыс жауап бердіңдер.

Ғажайып сәт: Дәрумендер әлемінде , дәрумендер әлемінің ханшайымы және дәрумендер жүр.

Сәлеметсіздер ме, балалар, дәрумендер әлеміне хош келдіңіздер.
Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, дәрумендер әлемінің ханшайымы дәрумендер!

Дәрумендер ханшайымы: Менің дәрумендеріммен танысып қойыңыздар.

Мен «А» дәруменімін. Мен асқабақта, өрікте, қызанақта, салатта, сендер күнде ішіп жүрген айранда боламын. Мені күнде өз тағамдарында қолданған балалардың көздері жақсы көретін болады. Бойларына күш қуат беремін.

Ал мен, «**В**» дәруменімін. Мен балықта, картопта, асбұршақта, жаңғақта, нан өнімдерінде боламын. «В» дәруменін қолданған баланың ішкі құрылыстары, қан айналымдары күшейіп, жақсы жүгіретін болады.

Мен «Д» дәруменімін. Мен жұмыртқада, балықтың майында, сүт тағамдарында, яғни ірімшікте, каймақта боламын. Мені қолданған баланың сүйегі мықты болады. Қалай нілсеңдер де, сүйектерін мықты болып өседі.

Мен «**С**» дәруменімін. Мен орамжапырақта, алмада, лимонда, апельсинде, алмұртта боламын. Мені жеп өскен бала мықты, батыр болады. Ешқандай микробтар жоламайды. Балалар, біз сендерге өте қажетпіз. Денсаулықтарың мықты болып өсу үшін бізбен дос болыңдар. Дәрумендер бәрі бірге айтады: Сендер біз туралы не білесіңдер?

Біздің балаларда дәрумендер туралы тақпақ біледі.

1. Мен киярмын, сәндімін.
Салаттардың сәнімін.
Дәруменім мол менің .
Жегенге қуат сыйлаймын!

Алма, алма дейсің
Алма әкелсем жейсің
Айтпады екен деме
Алманы жумай жеме

Шие , шие, шиелер
Қызыл көйлек кие бер.
Күн нұрына жүзіңді.
Сүйгізе бер сүйе бер.

Өсіретін бойыңды
Дамытатын ойыңды
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз жазықсыз

5.Асханадан шықпаймын
Атым-пияз бұқпаймын
Көзден жасты шығарып ,
Тұмаудан бірақ сақтаймын

Дәрумендер ханшайымы: Балалар менің сендерге тапсырмам бар.

Тапсырманың аты «Бөліктерді құрастыр». Балалар, тақтада бір жеміс жасырулы тұр. Ол жеміс екіге бөлінген, сол бөліктердің ішіндегі тапсырмаға жауап берсеңдер, бөлік ашылатын болады. Сол тапсырмаларды дұрыс орындасаңдар бөліктердің қандай жеміс екенін білетін боламыз.

Жұмбақ шешу. I – ші бөліктегі тапсырма

Қалың киімді ұнатады,

Шешіндірсең жылатады. (Пияз).

Аласа талда алуан алма,

Ал қызыл болмай аузына салма (Қызанақ).

Көкпеңбек еді көктемде,

Қызарды күз жеткенде. (Алма)

Қарандаршы, балалар, сендер жұмбақты дұрыс шешкен соң жасырылған жемістің бір бөлігі ашылды.

Мақал – мәтел II – ші бөліктегі тапсырма.

Ас – адамның аркауы,

Дені саудың – жаны сау. .

Тазалық – денсаулық кепілі. .

Денсаулық – зор байлық. .

Жарайсыңдар, балалар! Бұл тапсырманы да тез орындалыңдар. Ал, карандаршы жасырылған жеміс қай жеміс екен?

Алма!

Тәрбиеші: балалар, алма жемісінде қандай дәрумендер бар?

Алмада «С» дәрумені бар, алманы жесек денсаулығымыз мықты болып, барлық аурулардан аулақ боламыз. Жарайсыңдар.

Алманың пішіні қандай? Дөңгелек. Түсі ше? Жасыл.

Видео: «Дәрумендер мен минералдардың керемет күш қуаты»

Сергіту сәті. Балалар, біздің денсаулығымыз мықты болу үшін дәрумендерді қабылдаумен бірге дене қозғалысына мән беруді естен шығармауымыз керек. Қане барлығымыз денемізді қыздырып, сергіту жаттығуымызды жасайық.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Барлығыңда ақылды екенсіңдер. Енді сендермен бір ойын ойнайық.

Дидактикалық ойын: «Дәмін татып, қай жеміс екенін ата» деп аталады.

Мақсаты: Балалардың дәм сезу ,қабілеттерін арттыру.

Балдарға кесілген жемістерді тарелкаға салып алдарына қоямыз.

-Мынау қандай жеміс?

-Жемістің дәмі қандай?

-Түсі қандай?

-Пішіні қандай?

Балалар жемістерді жеп дәмін атын айтады.Балаларға жемістерді жеген кезде жуып жеуді үйрету.

Рахмет, балалар! Сендер ойынды жақсы ойнадыңдар.

Енді дәрумендерге өз шеберлігімізді көрсетейік.
Еңбек : балалар алмұртқа жіңішке таяқшаларды тыға отырып кірпі жасайды. Алдын ала жіңішке таяқшаны дайындап қою керек. Сол дайын таяқшаны балалар ретімен алмұртқа қыстырып шығады. Үлгіде көрсетілгендей етіп жасайды.

Балалар жасаған жұмыстарын бірнешеуін күз ханшайымына сыйға ұсынады.
Дәрумендер ханшайымы: Дәрумендерім енді сендер балалармен бірге балабақшаға барасындар, балалардың денсаулығы мықты, жақсы өсу үшін балалармен бірге боласындар.

Балалар дәрумендер әлемімен қоштасып балабақшаға қайтады.

Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау.
Балалар біз саяхатқа қайда бардық?
«Дәрумендер әлемінде» қандай дәрумендерді көрдік?

Алмұрттан не жасадық?

Күтілетін нәтиже:
Қайталай алады: Жемістер мен көкөністерді.
Түсінеді: Пішіндерді ажыратуды.

Қолданады: Тапқырлықты,ұйымшылдықты шеберлікті .

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы МКҚК

Анықтама

Сызған ауылы **15 қараша 2021 жыл**

2021 жылдың 15 қараша күні балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева «Қарлығаш» орталығы тобында «Әлеумет», білім саласы бойынша «Жаратылыстану» білім бөлімі, «Дәрумендер әлеміне саяхат» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті. Оқу қызметіне 24 бала қатысты.

Оқу іс әрекетінің мақсаты: Балаларға дәрумендер және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайлы түсінік беру, логикалық ой - өрісін тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Баланың шығармашылық қабілетін арттыру. Жемістер мен көкөністердің пайдасын білу, түстері мен пішіндерін ажыратуға тазалыққа баулу.

Ресустар: көкөністер, жемістердің суреттері, теледидар, және жемістердің муляждары.
Кері байланыс немесе ұсыныстар:
мативациялық қозғаушылық: тәрбиеші Б. Ганиева оқу қызметін шаттық шеңберінен бастады. Ұйымдастырушылы - ізденушілік ой толғаныс әдісі арқылы балаларға дәрумендер жайлы туралы жұмбақтар жасырды.
Салыстырмалы әдіс: Теледидардан дәрумендер жайлы суреттер көрсету арқылы сұрақ - жауап алды және бейне ролик көрсетті. Балаларға блинвалдық компенент бойынша үш тілде: дәрумен, алма, алмұрт сөздерін айтқызды. Балалар жемістер туралы орысша, қазақша тақпақтар айтты.
Топтау әдісі: балаларды үш топқа бөліп тапсырма орындатты.
1- ші топ «Бөліктерді құрастыр» дидактикалық ойын
2 - ші топ жұмбақ шешу
3 - топ мақал - мітел айту

Балаларға теледидардан сергіту жаттығуын жасатты.
Рефлексиялық - түзетушілік: балалардың жұмыстарын талдып, салыстырып мақтап, мадақтады. Сұрақ - жауап арқылы оқу қызметін қорытындылады.
Тәрбиеші Б. Ганева оқу қызметінде өз мақсатына жетті. Балалар өте белсенділік танытты. Тапсырманы жақсы аяқтап шықты. Өлең, тақпақтарын жақсы айтты. Педагогтың сұрақтарына дұрыс жауап берді. Педагогтың өзін ұстауы, сөз мәнері жақсы, балалармен жақсы қарым- қатынасы орната білді.

Әдіскер: **Жылысбаева Р**

«Балдәурен» бөбекжай – бақшасының
меңгерушісі
«13» 2021 жыл



Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

«Доп»

Тәрбиеші: Бидаулетова П

2021 - 2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Таным
Бөлімі: Құрастыру
Тақырыбы: «Доптар»
Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін,пішінін,көлемін ажырата алуға дағдыландыру, екі бөліктен тұратын доптың суретін кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету. Қол қимылдарының үйлесімділігін дамыту, өзара достық қарым-қатынаска тәрбиелеу.
Көрнекілігі: доп, доптардың суреті, доптың екі бөлікке кныдған суреттері
Сөздік жұмыс: доптар
Мотивациялый кезей

Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады.Қолындағы допты жерге соға отырып:
Добым менің,добым менің,
Өзін неткен көңілді едің,
Зымырайсың қутыңдайсың,
Бірак- менен құтылмайсың,- деп айта отырып,балаларға доппен бірге аяқтың ұшымен жеңіл секірулерін ұсынады.Бірнеше рет кайталайды. «Менің добым өте көңілді, кандай биікке секірді, енді осындай допты сендер жасап көріңдер»,-деп орындарына отырғызады.

Балалар шеңберге тұрып,юс аяқпен, жеңіл секіреді.
Ұйымдастырушылық іздеңуші
Тәрбиеші өзінің қолындағы үлкен және кіші доптың суреттерін көрсетіп, пішінін, түсін сұрайды.Әр баланың айтуына мән береді.
Әр балаға екі бөліктен тұратын, қағаздан кныдған доптарды таратып береді және оны құрастыруды сұрайды. Алдымен үлкен допты құрастырамыз, содан кейін кіші допты құрастырасындар деп тапсырма береді.
«Түсіне сәйкес доп құрастыр» ойыны.
Балалар іс-әрекетіне бақылау мен басшылық жасалып, көмек көрсетіледі.
Үлкен доп қызыл, кіші доп- қызыл.
Олар өздеріне берілген доптарды құрастырады.

Мұнда балаларының доптарының түстері ауыстырылады, өзінің добының түсі кандай екенін айтып береді.
Рефлекциялы түзету кезеңі
Әр бала өзінің құрастырған добын көрсетіп, түстерін айтып, үлкен,кіші көлемін салыстырып көрсетеді.Балалар іс-әрекеті мадакталады.

Кайсысы үлкен, кайсысы кіші екенін ажыратады, түстерін нақтылап айтып береді.

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек: екі бөліктен тұратын қағаздан жасалған допты құрастыруды және түсі,көлемі,пішінін ажырата алуды

Қандай түсініктерді игереді: үлкен кіші деген ұғымдарды игереді және оны іс-әрекет барысында көрсете алады

Мектепке дағдылары мен іскерліктері: қағазбен жұмыс жасауда оны көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы МКҚК .

Анықтама

Сызған ауылы **14 желтоқсан 2021 жыл**

2021 жылдың 14 желтоқсан күні балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетова «Балапан» ортаңғы тобында «Таным» білім саласы бойынша «Құрастыру» білім бөлімі, «Доп» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті. Оқу қызметіне 24 бала катысты.

Оқу іс әрекетінің мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, екі бөліктен тұратын доптың суретін кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету. Қол қимылдарының үйлесімділігін дамыту, өзара достық қарым - қатынасқа тәрбиелеу.
Ресурстар: доп, доптың суреті, доптың екі бөлікке киылған суреттері, теледидар, көрнекілік
Кері байланыс немесе ұсыныстар:
мотивациялық қозғаушылық: тәрбиеші П. Бидаулетова оқу қызметін шаттық шеңберінен бастады. Ұйымдастырушылы - ізденушілік ой толғаныс әдісі арқылы теледидардан балаларға пішіндер туралы бейне ролик көрсетті.
Салыстырмалы әдіс: Көрнекілік суреттер көрсету арқылы сұрақ - жауап алды. Балаларға блинвалдық компонент бойынша үш тілде: доп, домалақ, қызыл сөздерін айтқызды.
Топтау әдісі: балаларды екы топқа бөліп тапсырма орындатты.
1- ші топ қиылған допты құрастырдыу
2 - ші топ пішіндерін дұрыс орналастырып доп құрастыру

Балаларға теледидар көмегімен сергіту жаттығуын жасатты.
Рефлексиялық - түзетушілік: балалардың жұмыстарын талдып, салыстырып мақтап, мадақтады. Сұрақ - жауап арқылы оқу қызметін қорытындылады.
Тәрбиеші П. Бидаулетова оқу қызметінде өз мақсатына жетпеді.. Балалар белсенділік танытты. Тапсырманы педагогтың көмегімен аяқтап шықты. Педагогтың сұрақтарына толық жауап болмады. Педагогтың өзін ұстауы, сөз мәнері жақсы. Алайда балалармен жақсы қарым- қатынасы орната алмады. Қорыта келе педагог ашық ұйымдастырылған оқу әрекетіне немқұрайлы қараған. Педагог бүгінгі күнге дайындалып келмеген.

Әдіскер: **Жылысбаева Р**

Бекітемін
«Балдәурен бөбекжай»
балабақшасының меңгерушісі
_____ І.Жапбекова
«_5_» «_____» 2022 жыл

«Балапан» кіші тобы

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

«Шалқан» ертегісі



Тәрбиеші:Мусаева Н.

Білім беру саласы; Коммуникация.
Білім беру бөлімі; Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы; Шалкан ертегісі.

Мақсаты; «Шалкан» ертегісі туралы мағмұмат беру,шалканға түсінік беру,ертегіге сахналық қойылым көрсету,ертегіні сахналау арқылы ой-қиялын дамыту.Шалкан ертегісін көрсете отырып,балаларға бір отбасының татулығын,бірліктерін көрсету.

Көрнекіліктер; суреттер,көрініске керекті сөздер.

Түрі; көрініс.

Қостілдік компонент; шалкан-редка, ертегі-сказка.

Амандасу; балалармен және конактармен сәлемдесеміз.

Шаттық шеңбері; (Балалар кимылмен көрсетеді)

-Алақанды ашайық,

Күннің нұрын шашайық

Жүрек жылуын салайық,

Жиналған жылу шуақтарды.

Қонақтарға шашайық.

Шалкан ертегісі

Тәрбиеші:Ерте,ерте,ертеде бір Балтабай атай болыпты.Балтабай атай шалкан егіпті.Шалканды күнбе-күн баптап,суарып отырыпты.Шалкапы үйдей боп,үйден де дәу болып өсіпті.

Балтабай атай шалканды жерден суырып алмақ боп,шалқалай тартады.Олай тартқылайды,былай тартқылайды суыра алмайды.

Тәрбиеші:-Балтабай атай Онша әжейді көмекке шақырады.Балтабай атай:Кемпір-ай,кел көмек бере көр

Тәрбиеші::Онша әжей Балтабай атайдың белбеуінен ұстайды,Балтабай атай шалканның желегінен ұстайды.Олай тарткылайды,былай тарткылайды суыра алмайды.

Тәрбиеші::Онша әжей немере қызы Жидекті шақырады.

Онша әжей:Әй,калкам келе гой көмегінді бере гой.

Тәрбиеші::Жидек Онша әжейдің белінен,Онша әжей Балтабай атайдың белбеуінен ұстайды.Олай тарткылыйды,былай тарткылайды суыра алмайды.Әлекке түседі.

Тәрбиеші::Немере кызы Жидек Актөс күшігін шакырады

Жидек:Күшігім менің сак құлак,келе гой бізге көмегінді бере гой.

Тәрбиеші::Актөс Жидектің бұрымынан ұстайды,Жидек Онша әжейдің белінен,Онша әжей Балтабай атайдың белбеуінен ұстайды,Балтабай атай шалканның желегінен ұстайды.Олай тарткылайды,былай тарткылайды суыра алмайды.

Тәрбиеші::Актөс үйдегіМарғау мысыкты шакырады.

Актөс күшік:Келе гой мысык ,көмегінді бере гой,кел.

Тәрбиеші::Марғау мысык Актөс күшіктің құйрығынан ұстайды,Актөс Жидектің бұрымынан ұстайды,Жидек Онша әжейдің белінен,Онша әжей Балтабай атайдың белбеуінен ұстайды,Балтабай атай шалканның желегінен ұстайды.Олай тарткылайды,былай тарткылайды суыра алмайды.

Тәрбиеші::Марғау мысыктың ойына тышкан түседі.Ол тышканды шакырады.

Марғау мысык:Тышканым менің тышканым ,келе гой бір көмегігді бере гой.

Тәрбиеші::Тышкан мысыктың құйрығынан ұстайды,Марғау мысык Актөс күшіктің құйрығынан ұстайды,Актөс Жидектің бұрымынан ұстайды,Жидек Онша әжейдің белінен,Онша әжей Балтабай атайдың белінен ұстайды,Балтабай атай шалканның желегінен ұстайды.Олай тарткылайды,былай тарткылап шалканды суырып алады.

Тәрбиеші::Бірнеше жыл суыра алмаған Балтабай ата шалканды тышканның аркасында жерден әрендегенде суырып алады.Тышканға деген алғыстары шексіз.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы МКҚК .

Анықтама

Сызған ауылы **13 қаңтар 2022 жыл**

2022 жылдың 13 қаңтар күні балабақша тәрбиешісі Н. Мусаева «Балапан» кіші тобында «Қатынас» білім салалары бойынша «Сөйлеуді дамыту» білім бөлімі, «Шалқан» ертегісіне ашық оқу қызметін өтті.
Оқу қызметіне 24 бала қатысты.
Оқу іс әрекетінің мақсаты: «Шалқан» ертегісі туралы мағлұмат беру. Балаларды ертегі тыңдауға, естіген ертегісін есте сақтауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерін еске түсіру арқылы білімдерін шыңдау. Тілдік грамматикасын жетілдіру. Р, С, Ш әріптерін дұрыс және анық айтуға дағдыландыру. Ертегі арқылы бір отбасының ынтымақтығы мен бірлігі туралы көрсету.
Ресурстар: теледидар, жарық беретін электр жарығы, планиграф, тақта, ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары, матадан қиылған ертегі кейіпкерлері.
Кері байланыс немесе ұсыныстар:
мотивациялық қозғаушылық: тәрбиеші Н. Мусаева оқу қызметін шаттық шеңберінен бастады. Ұйымдастырушылы - ізденушілік ой толғаныс әдісі арқылы балаларға ертегі кейіпкерлері туралы жұмбақтар жасырды.
Салыстырмалы әдіс: Теледидардан ертегі кейіпкерлері туралы суреттер көрсету арқылы сұрақ - жауап алды және бейне ролик көрсетті.
Балаларға блиивалдық компонент бойынша үш тілде: қоян, түлкі, шалқан сөздерін айтқызды.
Сахналық қойылым:
1- ші қуыршақ театрының көмегімен «Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерін еске түсірді.
2 - ші электр жарығының көмегімен ақ матамен қапталған ширманың артынан «Шалқан» ертегісін сомдады.
3 - топ балалар «Шалқан» ертегісін фетр матамен жасалған ертегі кейіпкерлерін фланеграфқа рет ретімен орналастырды.

Балалар теледидардың көмегімен сергіту жаттығуын жасады. Музыкамен іс қимылдарды қайталады.
Рефлексиялық - түзетушілік: балалардың ертегі кейіпкерлерін рет ретімен орналастырған жұмыстарын салыстырып мақтап, мадақталды.
Сұрақ - жауап арқылы оқу қызметін қорытындыланды.
Тәрбиеші Н. Мусаева оқу қызметінде өз мақсатына жете алмады. Педагогтың сұрақтарына жауап бермеді. Педагогтың өзін ұстауы, сөз мәнері жақсы, балалармен жақсы қарым- қатынасы орната алмады.

Әдіскер: **Жылысбаева Р**

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасының
меңгерушісі _____ Жаннбекова Г
«____» _____ 2022 жыл



Ашық ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті

«Біз бақытты баламыз!»

Сөз жеткізуші: Жаннбекова Г

2021 – 2022 оқу жылы

Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз!» балабақшадағы музыкалық оқу іс-әрекеті

Білім беру саласы: «Шығармашылық»
Ұйымдастырылған оқу іс - әрекет түрі: «Музыка»
Мақсаты: Баланы дыбыс ырғағын сезінуге тәрбиелеу; әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажыратуға алу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру; әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
Әдіс - тәсілдер: салыстыру, сәйкестендіру, «ой қозғау», мига шабуыл, топтық жұмыс, дидактикалық ойын.
Көрнекілігі: ойынға арналған үйлер және суретті алмалар (слайд).
Билингвизм: ән - песня, әнші - певец, ақын - поэт, сазгер - композитор

Музыка жетекшісінің іс - әрекеті
I. Бастапқы жүріс
«Балдырғандар маршы»
Марш екпінді әуен ойнап, балаларды қабылдайды. Әндете сәлемдеседі.
Біз - көңілді баламыз,
Өнер қуған дарамыз.
Әнге салып әдемі
Би де билеп аламыз.

II. Музыкалық - ырғақты қимылдар
«Келші, құрбым билейік»
Ән сөздеріне және ырғағына сәйкестендіре, жұптаса би қимылдарын орындауға шақырады.
Балалармен бірге ән салып, би қимылдарын дұрыс орындауларына ықпал етеді.

III. Музыка тыңдау
Ой қозғау. Балаларға әнге қатысты бірнеше сұрақтар қояды. Әуен мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөніндегі түсініктерін пысықтайды. Ән, әуен сөздерінің орыс тіліндегі аудармасын қайталатып, үйретеді.
Бір баладан өзі білетін әннін
әуенін ля - ля буынды арқылы орындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.
- Әнді кім шығарады?
- Қандай сазгерлерді білеміз?
- Әннің сөзін кім жазады?
- Әнді орындайтын адамды кім дейміз?
- Қандай ырғақтағы әндерді білеміз?.
Балалардың назарын « ақылды тақтаға» аударады.
«Бұл үйлегілер не істеуде?» муз. дид. ойынын ойнауға шақырады.

1.«Елімізді сүйеміз» (марш)
Ж. Қалжанова
2. «Күзге сәлем!» (вальс)
А. Еспенбетова
3.«Әлди»халық әні
(бесік жыры)
Ойын шарты бойынша әртүрлі сипаттағы әуендерді ойнап, «үйдегілердің» қандай іс - әрекет үстінде екенін табуды сұрайды.
Жауаптары дұрыс болған жағдайда көңілді әуен ойналатынын айтады.

IV. Дауыс жаттығулары
Жаттығуларды бірүнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән береді.
«Музыкалық баспалдақ» арқылы жаттығу жасатады.

V. Ән салу
1. «Елімнің ертеңгі иесі біз!»
әні: А. Еспенбетова. Өткен әнді естеріне түсіреді. Әннің атын, сазгерін атауды сұрайды.
Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.
2. «Біз бақытты баламыз!»
Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.
Тамаша әнімізге қосылуға «әнші төлдер» келгендігін айтады.
Балаларға төлдермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.
Әннің I қатарын - ботакандар тобы, II қатарын - бұзаукандар тобы, III қатарын - лақтар тобы,
IV қатарын - құлыншақтар тобы, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға
үйретеді.

VI. Ойын ойнау
«Ән салған кім?» муз. дид. ойын.
Ойын алаңына «көңілді шарларды» алып баруларын сұрайды. Ойын шартын түсіндіреді. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды.
Достығымыз жараса,
Асыр салып таласа
Ойынды тез бастайық,
Шартын қатаң сақтайық
1 - 2 - 3. Ойын баста, ұш!
Әннің I шумағын орындау кезінде «шарларды» артқа тығып, шеңбер бойымен жай баса жүріп, әндетуді, қайырмасында – «көңілді шарларды» іске қосып, ырғағын соғуды ұсынады.

«Біз бақытты баламыз!» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің АНЫҚТАМАСЫ

Тақырыбы: «Біз бақытты баламыз!»

Мақсаты: Баланы дыбыс ырғағын сезінуге тәрбиелеу; әнді мұхият тыңдай отырып, сипатын ажырата білу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру; әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Балабақшаның саз жетекшісі Г. Жанибекова «Қарлығаш» ортаңғы жас тобына 2022 жылдың ақпан айында «Біз бақытты баламыз!» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекетін өтті. Жетекшімен «Балдырғандар маршы» балалар марш екпінімен келіп, әндете сәлемдесті. Балалар «Келші, құрбым билейік» музыка ырғағымен жұптасып биледі. Жетекші балалармен бірге ән салып, би қимылдарын дұрыс орындауға ықпал етті. Жетекші балаларға әуен мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөнінде түсініктерін пысықтап, сұрақ – жауап алды. Балаларға «Музыкалық баспалдақ» арқылы жаттығулар жасатты. Жетекші балалардан өткен оқу іс – әрекетіндегі әнді пысықтады. «Біз бақытты баламыз!» тақырыбындағы жаңа әнді үйретті. Балаларды катарға белді. 1 катар – ботакандар тобы, 2 катар – бұзаулар тобы, 3 – катар лактар тобы, 4 – катар құлыншактар тобы, ал кайырмасын барлық топ косылып орындауды үйретті. «Ән салған кім?» дидактикалық ойын ойнатты. Балалар тапсырманы қызыға орындады. Қорыта келе: жетекші оз ойын балаларға жеткізе алды, балаларға көтеріңкі көңіл – күй сыйлады.

Кемшілігі: Балалардың барлығы қамтылмады.

Ұсыныс: Балаларды толықтай қамтып, ұяң балаларды ортаға көп тару кажет.

Әдіскер: Жылысбаева Р

Бекітемін
«Балдәурен» бобекжан – балабакшасының
меңгерушісі _____ Клинцекова Г
«_____» _____ 2022 жыл



Ашық ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті
«Наурыз тойын тойлайық!»

Тәрбиеші : Жылысбаева Р

2021 – 2022 оқу жылы

Тақырыбы: «Наурыз тойын тойлайық!»

Мақсаты: - наурыз мейрамының қазақтың жаңа жылы екендігін түсіндіру, наурыз туралы мағлұмат беру;
- балаларды халқымыздың дәстүріне, ұлағатты сөздерінің мәніне қарай жақсылық пен ақ ниетке толы бабалар жолын жалғастыруға баулу;
- балаларды елін, Отанын сүюге, жерін қорғауға, қазақтың ұлттық тағамдарын құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ұлыстың ұлы күніне арналған плакаттар, киіз үй, ұлттық тағамдар.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті конақтар! Әні мен сәні жарасқан **«Наурыз тойын тойлайық!»** кош келдіңіздер!
Көктем - табиғаттың жаршысы есекілді. Ол-бәрімізге көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын тамаша мезгіл.

Наурыз тойы – мерекесі ұлтымның,

Берекесі ырысы мен құтымның.

Тәуелсіздік думанымен бір келген,

Ұлы күні, ұлыс күні жұртымның,- дей отырып, сіздерді 22-наурыз «Ұлыстың ұлы күнімен» құттықтаймыз!

Жүргізуші:

Көргенде қуанасың таза ауаны,

Құлаққа естілгендей жаз әуені

Жыл сайын тойланатын мәңгі бақи,

Наурызың құтты болсын, Қазақ елі!, - Наурыз мерекесіне арналған өлең жолдарына кезек береміз.

Ислам:

Көктем, көктем, көктемде

Құстар келіп жеткенде.

Қуанып біз қаламыз,

Әнімен қарсы аламыз.

Салтымызды жаңғыртып

Наурыз тойын тойлаймыз.

Шұғыла:

Наурыз тойы-береке,

Наурыз тойы - жыр аңыз.

Қызып дулы мереке

Қызық думан құрамыз.

Батырхан:

Қош келдің, Наурызым, ардақты.

Халқым саған бар үмітін арнапты.

Жылда осылай келе берсін жаңарып,
Гүлге бөлеп, нұрға бөлеп аймақты.

Алан:

Тақпақ айтам атасы

Құлақ салып тыңдашы.

Бар балаға өзіңдей,

Тыныш өмір сыйлашы.

Хакназар:

Қарды ерітіп жылғасы,

Наурыз келді жыл басы.

Шуақ төкті жарық күн,

Мейрамына халықтың.

Ерасыл:

Наурыз шаттық әніміз,

Салтанатты сәніміз.

Ән салайық бәріміз,

Би билейік бәріміз.

Жүргізуші:

Теңіздей тербетіліп жер бетінде,

Бишілер билеп кетті тербетіле

Аққудай калықтаған теңіздегі,

Бишілер өнерлерін көрсетуде.

Қазақтың ұлттық биі **«Қамажай».**

Жүргізуші:

Әнші, биші, акынбыз,

Елім тапқан жарасым.

Думандатып жатырмыз

Қазағымның даласын.

Ән: **«Наурыз»**

Жүргізуші: Қазақ халқының бұрыннан келе жаткан саалт-дәстүрі бар.

Солардың бірі **«Бесікке салу».** (Әжеміз бесікке салуды көрсетеді).

Жүргізуші:

Наурыз – шаттық әніміз,

Салтанатты сәніміз.

Ән салып жас-кәріміз,

Би билейміз бәріміз,- деп, тобымыздың бишi жігіттерін **«Қара жорға»** бимен ортаға шыкырамыз.

Жүргізуші:

Ау, жарандар, жарандар

Қызыкка мына карандар.

Ұлыс күні жаңаша

Болыпты бір тамаша.

Көрініс: **«Алдар Көсе»**

Бір күні Алдар Көсе жаяу келе жатса, алдынан салт атты адам шығыпты. Амандық, саулық сұрасканнан кейін:

- Атың кім?

- Атым Алдар.

- Әй, сен әлгі алдайтын Алдармысың? Кане, мені алдашы!

- Ойбай, алдайтын ала таяғым үйде калып койыпты. Атыңды бере тұрші алып келейін.

Әлгі адам Алдарға атын береді. Алдар атка шыға бере:

- Алдаған деген осы болады, қош бол!- деп шаба жөнеледі.

Әлгі адам алданғанын сонда ғана біліп, санын бір-

ақ соғады.

Ұлттық ойын: «**Аркан тартыс**»

Шарты: Балалар 2 топка бөлінеді. Сызық бойына аркан тасталады. «Үш» деген кезде 2 топ ойыншылары өз жағына тартады. Карсыласын сызыкган асырганша тарткан топ женеді.

Әже: (колында тостағаны бар)

Ау, апалар, даналар!

Айналайын балалар!

Тоя ішсін деп тамсанып,

Тоғыз түрлі дәм салып,

Наурыз көже пісірдім

Бал көжеден татындар,

Коктем Наурыз тойында.

Расул: (Бата береді)

Дастарханға береке берсін!

Бастарыны мереке берсін!

Астарына алалдык берсін!

Денцеріне саулык берсін!

«Наурыз тойын тойлайық!» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің АНЫҚТАМАСЫ

Тақырыбы: «Наурыз тойын тойлайық!»

Мақсаты: наурыз мейрамының қазақтың қазақтың жаңа жылы екендігін түсіндіру, наурыз туралы мағлұмат беру; балаларды халқымыздың дәстүріне, ұлағатты сөздерінің мәніне қарай жақсылық пен ақ ниетке толы бабалар жолын жалғастыруға баулу, балаларды елін, Отанын сүюге, жерін қорғауға, қазақтың ұлттық тағамдарын құрметтеуге тәрбиелеу.

Балабақшаның тәрбиешісі Р. Жылысбаева «Қарлығаш» ортаңғы жас тобына 2022 жылдың наурыз айында «Наурыз тойын тойлайық!» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған оқу іс – әрекетін өтті. Зал ұлттық нақышта әсем безендірілген. Балалар қазақи нақышта киінген. Тәрбиеші Р. Жылысбаева балаларды, педагогтарды өлең жолдарымен наурыз мерекесімен құттықтады. Балалардың назарын ұлттық бұрышка аударып, ұлттық нақыштағы бұйымдар туралы мағлұмат берді. Балалар көктем туралы, наурыз тойы туралы өлең – тақпақтарын айтты. Балалар бірі – бірін наурыз мерекесімен құттықтады. Қыздар «Камажай» бии мын бұралып биеледі. Балалар хормен «Наурыз» әнін айтты. Әжелер «Бесікке салу» салтын жасады. Балаларға тыштырма таратты. Балалар мәз – мейрам болды. Әжелер «Бесік жырын» айтты. Қонаққа Алдар көсе мен бай келіп көрініс көрсетті. Балалармен бірге «Аркан тартыс» ойынын ойнады. Әжелер балаларды дастархан басына шақырып наурыз көже таратты. Балалар дастарханға бата берді.
Қорыта келе: тәрбиеші Р. Жылысбаева ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінде өз мақсатына жетті.

Кемшілігі: Балалар тақпақтарын анық мәнерімен айталмады

Ұсыныс: Балалардың тілдік қорын жетілдіру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізу қажет.

Меңгеруші: **Жанибекова Г**